«НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА НУР-СУЛТАН»

**БҰЙРЫҚ** № 314
28.04.22 ж.

**ПРИКАЗ**

**«Арнайы білім беру ұйымының
үздік педагогі» республикалық
педагогикалық шеберлік байқауының
I (іріктеу) кезеңін ұйымдастыру
және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми - практикалық орталығының 2022 жылғы 06 сәуірдегі № 01-69 хаты негізінде, сондай-ақ педагогтардың беделін арттыру және арнайы білім беру ұйымдарының үздік педагогтерінің тәжірибесін тарату мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Нұр-Сұлтан қаласының арнайы білім беру ұйымдарының педагогтері арасында «Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі» республикалық педагогикалық шеберлік байқауының (бұдан әрі – Байқау) I іріктеу кезеңі Байқаудың ережесіне сәйкес (1-қосымша) 2022 жылғы 28 сәуір – 05 маусым аралығында өткізілсін.

2. Байқаудың қазылар алқасының құрамы 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім басқармасы басшысының орынбасары М. Каирбаеваға жүктелсін.

**Басшы** **Қ. Сенғазыев**

Scanned by TapScanner